

АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН, ЖЕРЛЕСТЕР!

Аманкелді Арайы

№ 25 (7667)
3 ШІЛДЕ
2015 ЖЫЛ
ЖҰМА

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

1935 ЖЫЛҒЫ 15 МАУСЫМНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛОРДА МЕН ЕЛБАСЫ - ЕГІЗ ҰҒЫМ



Астана күні мерекесіне тарту

ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАСЫ АШЫЛАДЫ

Биылғы жылдың басында аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов Аманкелді елінен шыққан 15 Социалистік Еңбек Ерлерінің есімдерін мәңгілік есте қалдыруға байланысты ескерткіш тақта орнатуды алға қойған болатын. Бұл жұмыс таяуда аяқталып, ескерткіш тақта сапалы етіп жасалды.

Енді осы ескерткіш тақтаның салтанатты ашылуы - Астана күні қарсаңында, 2015 жылдың 4 шілдесі күні өткізіледі. Бұл шараға аудан халқы және Еңбек Ерлерінің балалары мен ұрпақтары келіп қатысады. Бұл даңқты аталарымыз бен ағаларымызға көрсетілген зор құрмет. Жас ұрпақ үшін мұның тәрбиелік мағынасы өте зор. Еңбек Ерлерінің ісі - жалпы елімізге өнеге!

ЖҮРЕМІН ЕЛБАСЫМДЫ МАҚТАН ЕТІП

Мандайынан малшынттып күміс терді,
Жасап небір ғажайып ұлы істерді,
Елбасымыз Нұрсұлтан - асыл атам,
Арқадан Астанамды салып берді!

Мұндай қала халқымда болған емес,
Келістіріп еш патша салған емес.
Келбетіне қарасам Астананың,
Көзім менің бір сәтке тойған емес!

Бұл қала - Еліміздің бас қаласы,
Тамаша жаңалықтар бастамасы.
Жаһандағы сәулетті шаһар осы,
Алашымның аймаңдай Астанасы!

Барады құстай ұшып жылдар өтіп,
Болашақ әлі-ақ лезде келер жетіп.
Әсем ғып Астанамды салып берген,
Жүремін Елбасымды мақтан етіп!

Нүрдәулет НҮРГЕЛДІҰЛЫ,
Аманкелді орта мектебінің оқушысы.

ЕҢБЕКТИҢ ЕРЕН ЕРЛЕРІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

1947 жылы - Кеңестер Одағының халқы Октябрь Революциясының 30 жылдығын атап өтуге қызу әзірленді. Сол тұста Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ тағайындалып, ол еңбекте және басқа да салалардағы озат адамдарға берілетін болды. Осы 1947 жылы 23 шілдеде СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Кеңестер Одағы бойынша көптеген адамдарға Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Солардың қатарында біздің ауданымыз бойынша 14 адам бұл

атақты иеленді. Бұл - адал еңбекке көрсетілген биік құрмет еді.

Еңбек адамдарын құрметтеу – Елбасымыз алға қойған үлкен міндеттердің бірі. Соның ішінде сонау ауыртпалығы мол қиын уақытта, етегі - елпі, жеңі - желпі жүріп, аш-жалаңаш кездерде еңбектің жанқиярлық үлгісін көрсетіп, Социалистік Еңбек Ері атағын алғандарды құрметтеу - әрине, ерекше болмақ. «АА» газетінің редакциясы.



Қалмағанбет Жансапақов – 1882 жылы Үрпекте туған, 1930 жылы серіктестікке мүше болып, қой баққан. Одан соң «Комсомол» колхозы құрылғанда сонда аға шопан болған. Кейін Иманов атындағы совхозда аға шопан болып еңбек еткен.



Шағыр Жұманов – 1883 жылы Амантоғайда туған. 1930 жылдан бастап Шилісай колхозында аға шопан болып еңбек еткен. Соғыс жылдарында қой өсіруде жоғары жетістіктерге жеткен. 1960 жылы Амантоғай совхозында аға шопан болып еңбек еткен.



Мұхамедия Тоңашин – 1886 жылы Жыланшықта туған. 1930 жылдан Чапаев атындағы колхоз құрылғаннан бастап жылқышы болып еңбек еткен. Соғыс жылдарында аға жылқышы болып, жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Ұжымында өте сыйлы болған.



Мұқыш Нұрғожин – 1886 жылы туған. 1943-1965 жылдары «Шилі» колхозында жылқышы болып еңбек еткен. Кейін 1960 жылы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозда еңбек етіп, жастарға үлгі көрсеткен. Ардақты ақсақал атанған.



Бірәлі Қожабаев – 1890 жылы Үрпек ауылында туған. 1932 жылдан 1960 жылға дейін Иманов атындағы колхозда шопан болып еңбек етті. Ал 1960 жылы колхоз сол бұрынғы атын сақтап, совхоз болған кезде де шопандық кәсібін жалғастырды.



Баяхмет Сәпиев – 1892 жылы Шиліде туған. 1925 жылдан бастап жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестік мүшесі болған. Кейін «Ақсуат» колхозында аға шопан болып еңбек етіп, жоғары табыстарға жеткен. 1960 жылы Амантоғай совхозы құрылғанда шопандығын жалғастырды.



Қошан Есболов – 1894 жылы Қарасу ауылында туған. 1912 жылдан бастап бай есігінде жалшы болды. 1920 жылы ТОЗ мүшесі, 1939-1959 жылдары Абай атындағы колхозда, кейін «Коммунизм жолы» совхозы құрылғанда, осы совхозда аға жылқышы болып еңбек етіп, жастарға үздік үлгі көрсетті.



Әбу Сыздықов – 1896 жылы Қарасу ауылында туған. 1914-1930 жылдары қатардағы жұмысшы, 1930 жылдан бастап Чкалов атындағы колхоздың аға шопаны болып жұмыс істеді. 1960 жылы «Коммунизм жолы» совхозы құрылғанда совхозда аға шопандығын әрі жалғастырды.



Бисапақ Шаяндин – 1897 жылы Қарасу ауылында туған. 1933-1937 жылдары «Қызылтаң» ауыл шаруашылық артелінде колхозшы, 1937-1952 жылдары колхоз басқармасының төрағасы болып жемісті қызмет істеген. Мінезге бай, ақылды, парасатты, алды кең, ел ағасы болған.



Мырзағали Алтынбаев – 1898 жылы Жыланшықта туған. 1929 – 1957 жылдарда серіктестікте, колхозда және 1963 жылы «Родник» совхозы құрылғанда осы шаруашылықта да аға шопан болып еңбек етті. Жыланшық өңірінің құрметті ақсақалы болды. Жас шопандарға әрдайым үлгі көрсетті.



Досан Есболов – 1900 жылы Қарасу ауылында туған. 1932 жылы ТОЗ-ды басқарды. Одан соң колхоз төрағасы және Аманкелді аудандық атқару комитетінің төрағасы болып, жемісті қызмет жасады. Адал еңбегі еленіп, аудан мақтанышы болды.



Байділді Омаров – 1902 жылы Үрпек ауылында туған. 1929 жылдан бастап Иманов атындағы колхозда қатардағы колхозшы, кейін есепші, қой фермасының меңгерушісі болып, табысты қызмет жасаған.



Намазбай Әмзин – 1912 жылы Ақмола облысының Есіл ауданында туған. 1943-1953 жылдарда Иманов колхозының төрағасы, Иманов атындағы совхоздың директоры болып істеді. Өнегесі мол колхоз басшыларының бірі болды.



Еркін Шәйкенов – 1926 жылы Қабырға ауылында туған. 1941 - 1961 жылдарда Крупская атындағы колхозда, совхозда шопан болған, 1961 жылдан бөлімше зоотехнигі болып еңбек етті. Ұжымда құрмет пен абыройға бөленді.



Тарғынбек Тілеулин – 1942 жылы Аманкелді селосында туған, автомобиль базасында жүргізуші болып жұмыс істеді. 1976 жылы ерен еңбегі еленіп, аудан техника мамандары арасында алғаш Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АСЫЛЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Сәбит ДОСАНОВ,

жазушы, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ҚҰЛАҚКҮЙ

Қайырымдылықтан асқан қасиет жоқ
Тұрғанда көктен сәулесін төгіп, ай қарап,
Әуеден тамған әулие нұры аймалап,
Өмірге келді қазақтың Нұры, Сұлтаны,
Бата берді Тәтті бала әже ай қабақ.

- Апа!
- Не құлыным?
- Жаңа сіз айтқан ертегідегі тау көтерген толағай жайлы ойлап жатырмын. Толағайдай болсам ғой, шіркін!
- Боласың, ботам боласың! Елін сүйген ер болады, өзін сүйген жер болады!
- Тағы бір ертегі айтшы, апа!
- Айтайын, құлыным, айтайын.

Тас кедергі тағдыр мойнына кедейлік қамытын кигізген ол сол күн әдеттегісінен де асқан аш еді. Ең соңғы тиынына бір тояды армандап, қалт-құлт етіп келе жатқанда өткен-кеткенге алақан жайып, алқынып тұрған қайыршыны көрді де, қалт тұра қалды. Ерсілі-қарсылы ағылған топтың арасында алтынға малынған әйелдер де, киген киімінің өзі жақұттай жарқырап, құлпыдай құлпырған байлар да бар еді. Солардың ешқайсысы қайыршының қалтыраған алақанына соқыр тиын да тастамай, кеуде кере кердең басып өте берді, өте берді. Ал, сіңірі шыққан сорлы кедейдің қайыршыға қайырылмауға дәті жетпеді. Ол қалтасында ең соңғы тиынын алып аштықтан көзі қарауытып құлағалы тұрған қайыршының күс басқан күрөң алақанына салды.

Сол сәт ешкім күтпеген ұлы оқиға болды. Кедей жігіт кеше қиналғанда түсінде көрген Құдайдың сұлбасын көрді. Құдай қайыршының оң иығынан асыра оң қолын алға созды. Сол сәт ай мен күн шағылысып, қуірлықты жұлдызға ұқсаған қызғылтсары шұғыла кедей жігіттің көз алдында зу етіп өте шықты. Сол шұғылаға оранған құдайдың сұлбасы ізімқайым жоқ болды.

Қайыршыға қарайласқан кедей жігіт сол күннің ертесінде аяқ астынан ат басындай алтын тауып, бірақ сәтте байып шыға келді.

- Қандай жақсы адам, апа?!
- Кімді айтасың, құлыным?!
- Жаңағы қайыршыға қарайласқан кедей жігітті айтамын.

- Иә, құлыным, солай есінде болсын ел үшін ерлік жасаудан артық бақыт, қайырымдылықтан асқан қасиет жоқ!

Сол түні ол жайлы жатып, жақсы ұйықтады. Түні бойы түсінде тау көтерген Толағай мен қайыршыға қарайласқан кедей жігітті көріп шықты.

Ертегі айтқыш ана Әлжан, оны жүрегіне құйып, ойына түйіп алған құйма құлак Нұрсұлтан еді.

Сонда ол бар болған бес жастағы ойын баласы болатын.

БІРІНШІ ХИКАЯ

**Өзін ойлаған - құлқынның құлы,
халқын ойлаған - ұлы**

Жан емеспін орынсыз сабылғандай,
Жас та емеспін өсем деп жатынғандай,
Жырлаймын Елім мен Елбасымды,
Ел тілеуін тілеймін жаным қалмай.

Асфальттің өзін балқытқан алапат ыстық тәнді, көрші елдің сәт сайын құбылған саясатының аңызға аптабы жанды шыжғырып сыядатар емес. Күнмен бірге оның да жүрегі жанып тұр. Алаң көңілмен көп ойланып, көп толғанды ол. Ақыры бір шешімге келді де, шиыршық атып, шырақ тұрды орнынан. Үйге әдеттегісінен әлдеқайда кеш оралған оны отанасы құрақ ұшып, жылыұшырай қарсы алды.

- Кешкі асты суытпай, дастарханға отырайық, Нұрсұлтан.

- Өздерің ауқаттана беріндер, Сара. Мен жолға жиналайын.

- Кайда?
- Мәскеуге.
- Пәлі, ертең алтыншы шілде туған күнің емес пе? Ет жақындарың бәрі жиналып, келгелі жатыр. Бізді тастап, өнер бастап, қайда асықтың?

- Мәскеуге. Өзім бармасам шешілер түрі жок бұл проблеманың.

- Не дейін саған, Нұрсұлтан? Ылғи осы ғой. Жан тыныштығын бір сәт ойламаймысың. Демалыссыз жұмыс денсаулығыңа зиян



*О, дүние саған
Осындай жандар келмесе,
Мағынасы да тірліктің
Кемір еді-ау жүз есе
Николай Некрасов*

ҮШІНШІ ХИКАЯ

**Алтын – жер сыйы,
Алғыс – ел сыйы**

Өсірген Дариға, Динара, Әлиясын,
Жақсы әке – жаны жомарт дариясын,
«Ел үшін ер Нұрсұлтан аман бол!» - деп
Тілеген көрдік елдің қариясын.

Тіреусіз Аспан жаратқан, төңкерілген көк күмбездей алып көкке Ай менен Күн орнатқан, адамзатқа тіріде - төрі, өлгенде – көрі қасиетті Жер-Ананы жомарттықпен сыйлаған құдіреті шексіз, мейірім-шапағаты мол Алла тағаланың қазақ халқына сыйлаған баға жетпес екі үлкен бақыты бар. Оның бірі – ата бабаларымыз аңсаған – Тәуелсіздік, бірі – қаннан да қымбат, жанның да тәтті сол Тәуелсіздігіміздің туын құлатпай, тік көтеріп келе жатқан Президент – Елбасы – Ұлтқосбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздікке жету қандай қиын болса оны ұстап тұру одан да қиын. Бұл артық айтып, асыра мақтау емес, ондай мадаққа ол зәру де емес. Өзгесін былай қойғанда оның мемлекет құрушы ұлы тұлға екендігі даусыз.

Басқару жүйесі жолға қойылған, қолдаушы киесі – мығым экономикасы, мықты жүйе, құрылымдары мызғымас тіректері бар мемлекетті басқару да оңай емес. Құлт-талқаны шығып қираған экономикасы, төрт қабырғасы қауіп қалған елде жаңа мемлекет құру – қияметтің қыл көпіріндей қиын екені хақ. Келмеске кеткен кеңістік мұраға қалдырған сан саланы түгел қамтыған саналуан қиындықтан қиялап шығып, тәуелсіз Қазақ Мемлекетін құру – тақыр жерге тау тұрғызғанмен, сахараның шөлін гүлге бөлеп, тамұқты жұмаққа айналдырғанмен бірдей. Еңбеккер еліне, кең қолтық халқына арқа сүйеген, жеке басының қуаныш-қайғысын ұмытып, Алатаудай ауыр жүк арқалаған, сол жүктің ауып қалмауы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндізге күлкі, түнгі ұйқыны құрбандыққа шалып аяңбай, тап-жылмай еңбек еткен, алдағыны көріп, алысты болжаған Елбасының бұл тарихи ұлы ісін біз ғана емес, бүкіл әлем оның кемел ойлы кеменгерлігі мен ерлігі деп бағалады. Нұрсұлтанның алдағына анық көретін, алысты болжайтын данышпандығының мынанан бір мысалы елімізді сом аймағының темір құрсауында қалдырмай төл теңгемізді жасатуы болса, екінші бір дәлелі – ұлттық қор құруы.

Қайғы-мұны мен өкініші, өксігі көп, қуанышы мен жұбанышы аз қайран қазақ азаттықтың ақ таңы атқанда қуанышы қойнына сыймай, бөркін аспанға ата қуанды. Сол көп қазақтың бірі едік біз. Бақытымыз баянды болсын деген тілекпен бірге көкірегімізді отаршылар салған жара да бар еді. Сол жараның үлкені – Семей полигоны болатын.

Полигон – жүректегі жарам менің, Қайғыдан көз ашпаған далам менің, Қазағым енді қайтпай күн көрер деп, Жүк түскен жүрегіме балаң едім, - деп шерлі шежіре жазып, шерменде болып.

(Басы. Жалғасы 4-бетте)



келтіре ме деп те уайымдаймын.

- Уайым деген – у. Пессимист емес, оптимист. Кім еді «Пессимист видит трудности при каждой возможности, оптимист в каждой трудности видит возможности.» деген Уинстон Черчилль емес пе?
- Сеземін, қиындық көп.
- Қиындық деген қайрақ. Оған қаңылтырды жанысаң кетілді, болатты жанысаң жетіледі – деп ойлады Нұрсұлтан – кетілуге хақым жоқ! Жетілуім керек! Халық үшін, ел үшін.

Конфуций айтпап па еді: «Дауыл соққанда ақымақ адам қалқан іздейді, ақылды адам жел дирмен орнатады» деп. Үйде отырып қалқан іздегенше Ресейге барып, жел дирмен орнаттайын.

Осы ойға бекінген Нұрсұлтан сол күні кештетіп Мәскеуге ұшып кетті.

«Өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла. Өз пайдаң соның ішінде» - деп еді-ау Баласұғын. Неткен даналық. Ел пайдасын ойлап, екі жеп биге шықтым. Ең бастысы – ел мүддесіне қатысты үлкен бір түйін тарқатылды әрі туған күнімді Ресей Президентінің өзі тойлады».

Осы ой, осы сезім ойға шуақ, бойға қуат беріп еді. Соданда Нұрсұлтан елге көтеріңкі көңіл күймен оралып, жұмысқа жанылған жігермен құлшына кірісіп кетті.

ЕКІНШІ ХИКАЯ

**Жақсы жүрген жеріне кент салады,
Жаман жүрген жеріне өрт салады**

Орнаған Еуразия кіндігіне,
Білмейді Астананы кім бүгінде?!
Бастаған ұлы көшті Астанаға,
Ерлігі Елбасының жыр бүгінде.

- Қарашы, жаным, Астана түнде де сұлу емес пе?

- Иә, дұрыс айтасың, сәулем! Қала түнде жаңа бір қырларымен, жарқырап, жайнап тұр.

- Астана жауһар қала ғой.
- Жауһар түнде де жарқырайды.

Орталық алаңда демалып отырып өкпе тұста өтіп бара жатқан қыз бен жігіттің әңгімесіне куә болған менің ойыма Нұрсұлтанның кіндік шешесі Тұрсын айтқан әңгіме оралды. Нұрсұлтанның он жастағы ойын бала-

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АСЫЛЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Әлемге әйгілі акын, көрнекті мемлекет қайраткері Олжас Омарұлы Сүлеймен басқарған «Невада – Семей» қозғалысына белсене қатынасып жүргенде кара бұлт қақ жарған найзағайдай болып Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей полигонын жабу жайлы Жарлығы шықты!

Сол тарихи Жарлық шыққан жылы кеңбайтақ Қазақстанның ең алыс ауылдарын аралаудың сәті түсті. Сонда көзбен көргеніміз – бүкіл халықтың қуаныш, құлақпен естіп, көкейге түйгеніміз – бүкілхалықтық алғыс! Қазақстандағы сан ұлттың Полигонды жапқан Президентке деген сансыз алғысы мен шексіз құрметі! Одан кейін Орта Азия республикаларына, Мәскеу мен Парижге, Түркия мен Қытайға, т.б. біраз елдерге жол түсті. Сонда естігеніміз – «Назарбаев сынды Президенті бар халық бақытты! Полигонды жапқан Президентке миллион алғыс, мың мәрте тағзым!» деген ақ ниетпен айтылған алғыс!

«- Қазақстан Президентінің көреген саясаты болмағанда, бұл өңірдегі халық әлі күнге дейін сынақтардан зардап шегіп отыруы мүмкін еді. Сіздің Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамаңыз арқылы Солтүстік жарты шарда ондай аумақ тұңғыш рет құрылғанын зор ризашылықпен айта аламын» - деп жазды Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтан алған алғысы көп. Өте көп. Соның бірін Елбасының арқасында есесін қайтарып, есін жиған үлескерлер, тағы бірін зейнеткерлік шығу жасы жайлы келісімді кесім жасағаны үшін 80 миллион әйел, енді бірін «Батыр Баян» фильмінде бас кейіпкерді сомдап, кейін ауыр кеселге ұшырағанда көмек қолын созған Президентке атақты актер, тағы бірін ЕҚЕҰ-ға төраға болып қана қоймай, Астана саммитін сәтті өткізгені үшін халықаралық қауымдастық пен алыс, жақын шет елдердің Президенттері айтты, тағы бірін... Сан алғысты санамалап тауыса алмаспыз, сөзді ашу шектей сөзбай тоқсан ауыз сөздің түйін айтсақ, алғыспенен ер, жаңбырменен жер көгеретінінің мықты бір мысалын Елбасы өмірінен айқын көреміз.

Алтын – жер сыйы,
Алғыс – ел сыйы!

«Сол сыйлығының – ел сыйлығы құтты болып, құт-береке дари берсін тағына, елімізді бақытқа бастай бер!» деген тілек айтамыз. «Елін сүйген, елі сүйген елбасыға (Махмұт Қасымбеков). Осы тұста қалам ұшына Платон (б.э.д. 427-337) айтқан: «Никогда не будет просветат государство, если его не начертит художник по божественному образцу» деген сөз оралып тұр.

ТӨРТІНШІ ХИКАЯ

Жемісті ағаш жерге иіледі, Жетелі жігіт елге иіледі

Есінде мың градус от кешегі,
Балқытып болатты ол от көседі,
Қайнады қазанында Теміртаудың.
Халқы үшін қажет болса от кешеді.

Әлі есте, бәрі есте. Тоқырау торындағы тоқсаныншы жылдар... Кеңестік кеңістіктен қалған ауыр мұра – құлағалы тұрған завод, фабрика, құлдыраған өндіріс, құлазыған ауыл, құрдымға кеткен экономика сынды сан кесел енесені езіп тұр. Жалақы, жәрдемақы, зейнетақыны ала алмай есенгіреген ел. Төзімі таусылған шахтерлер ереуілге шықты. Халық үріккен жылқыдай дүрлікті. Сол бір қиын кез, сын сағатта Президент Нұрсұлтан Назарбаев шұғыл Қарағандыға ұшып келді. Келді де, халықпен бетпе-бет кездесіп, ашық сөйлесті. Шахтерлердің талабы орынды екендігін, алайда тап қазір оны қанағаттандыруға мүмкіндіктің жоқтығын ашық айтты.

- Тәтті өтіріктен ащы шындық артық, - деді Президент. – Мен жағдай тез оңалады деп уәде бере алмаймын. Ертеден жеткен ескі сөз – есті сөз былай дейді:

- Ырыс қайда барасың?
- Ынтымаққа.
- Бақыт қайда барасың?
- Бірлікке!

Ынтымақ болса, бірлік болса біз аспайтын асу, жоқ. Халық алмас қамал бар ма?! Бірлік болса тірлік те болады. Ынтымақты болсақ ырыс келеді. Төзім керек, сабыр керек. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халық бекер айтпаған. Қиындықтан шығудың бірақ жолы бар, ол жұдырықтай жұмылып, жатпай тұрмай еңбек ету. Еңбек – бәрін де жеңбек!

- Сонда қанша күтеміз? – деді алып ұшып тұрған бір албырт жас.

- Оны мен емес, өздерің айтасындар, сіздердің еселі еңбектеріңнің нәтижесі айтады, - деді Президент. Ал, мен сіздермен



біргемін. Не көрсекте бірге көреміз.

- Үкімет ше, үкімет не бітіріп отыр, - деді жаңағы жас жігіт.

- Үкімет ұйықтаған жоқ, ояу. Олардың қалғуына да жол бермеймін.

- Үлкендер жағы бірімен бірі күбірлесіп кетті.

- Кабинетте шалқайып отырып алмай, бізге жедел жетті, - деді көпті көрген көне көздердің бірі. Бұл да болса кісілігіне сай кішілігі емес пе?

- Иә, - деді екінші қария – жемісті ағаш жерге иіледі, жетелі жігіт елге иіледі деген осы. Патша басымнан қарапайым халыққа иіліп тұр.

- Өзі сертке берік пе, соны айтшы.

- Осы уақытқа дейін екі сөйлеп көрген емес ол.

- О, онда жарады, жайсаңым! Осындайда Омар Хайям айтқан:

Мейлі ол болсын артық жаратылған.
Ол дана дейік дара туған
Сөзінде тұрлау бар ма?

Соған қара,
Өйткені сонда жатыр бар ақыл, мән, -

деген өз оралады...

- Айналып өтейін, садаған кетейін, алтын халқым! Ал, қәне, ақылдасайық. Не жағдай өздеріңе белгілі. Не істейміз енді? Осылай ереуілдетіп, онсыз да қиын жағдайды онан сайын қиындата береміз бе? Әлде, белді бекем буып, уақытша, қиындыққа төзіп, еңбек етіп, өзімізді өр елімізді еңселі етеміз бе?

- Бәрі түсінікті, - деді ереуілді ұйымдастырушылардың бірі: - Елбасы дұрыс айтады: «еңбек, бәрін де жеңбек! Жұдырықтай жұмылып еңбек етейік! Қалай, дұрыс па, достар!

- Дұрыс! – деп дүр ете қалды алаң толы халық. Байлам осы болды.

Елге иілген Елбасы халықты бақытқа бастап барады...

БЕСІНШІ ХИКАЯ

Бак пен дәулет – бірлікте, Өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте

Рушылдық, жершілдікті өлтіріп,
Ордабасыға көтерілді ер түрік.
Қиын істің қиюын да тапты ол –
Барлық ұлтты келісімге келтіріп.

Даланың дана шалдары-ай, айтудай-ақ айтты-ау. «Өсетін елдің арманы көп, өшетін елдің жанжалы көп». Рас қой. Бақытымызға орай, Қазақстан – ғажапстан жанжалы жоқ, арманы көп ел. Арманы көп елдің берекесі бар, мерекесі де көп. Сол мерейлі мерекелер қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақстан конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы болып салтанатты сапта тұр.

Көп ұлтты, бір мақсатты мемлекетті біріктіріп отырған екі бірдей егіз қасиет бар. Оның бірі мемлекет құрушы ұлт қазақ халқының өзінің байырғы Ұлы даласындай ұлылығы –пейілінің кеңдігі, бірі –Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бірлік пен ынтымақты, келісім мен достықты ту еткен сара да дана саясаты. Соданда біз берекелі, мерекелі елміз. Биылғы – 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерей-

тойын кең көлемде атап өттік.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына арналған XXII сессиясына еліміздің барлық өңірлерінен келген 1500-ден аса адам қатынасты. Осы сессияда жасаған баяндамасында Н.Ә.Назарбаев былай деді: «Таяуда британдық «Ипсос МОРИ» социологиялық қызметі бүкіл Қазақстан бойынша тәуелсіз зерттеу жүргізді, соған сәйкес қазақстандықтардың 93 пайыздан астамы елдегі жағдайды жоғары бағалайтынын атап көрсеткен. Бұл біздің Конституциямыздың кіріспесінде толымды бейнеленген «Біз, Қазақстан халқы!» атты басты қағидаттың салтанат құруы.

Мен де, өздеріңіз сайлаған Ассамблея Төрағасы ретінде бұл жетістікті бағалаймын. Мен жаңа Қазақстанның жасапмаз жылдары ішінде бізге жүзеге асыруға сәтті түскендерді мақтан тұтамын. Ассамблея жаңа Конституцияны қабылдау бойынша бүкілхалықтық референдумға бастамашы болған еді, биыл біз оның да 20 жылдығын атап өтетін боламыз.

Осы жылдар ішінде Ассамблея аса белгісіз құрылымнан Мәжіліс депутаттарын сайлау құқына ие конституциялық органға трансформацияланады. Бұл Ассамблеяның беделін арттырады. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң – әлемде баламасы жоқ керемет заң. Ол еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Оның нормалары біздің ұлтаралық саясатымыздың негізін қалыптастырады» осы сөзі арқылы Елбасы «Бақ, дәулеттің бірлікте, өмірдің мағынасы атқарылған тірлікте, деген ұлағатты ой айтты.

«Ежелгі Египет мақалында айтылатындай, дүниедегінің бәрі уақыттан қорқады, бірақ уақыт пирамидалардан қорқады, деп сабақтады сөзін елбасы. – Біздің жаңа елордамыз – ажалды Астана – осындай мәңгіліктің символы. Біз нағыз бейбітшілік пен келісімнің пирамидасын – қазір ҚХА сессиясы өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері үшін бірегей ғимарат салдық.

Қазақстанға келгендердің барлығы Ассамблеямызға таң-тамаша қалады, біздің халықтар достығына қаншалықты үлкен маңыз беретінімізді көреді. Бұл сарай – діндер Ғибадатханасы, біздің халқымыздың бірлігі мен келісімінің Ғибадатханасы. Жаһандық конфессиялар көшбасшыларының V съезі жақында дәл осы жерде өтеді».

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Ассамблея тарихы – ел тұрақтылығының тарихы» атты баяндамасында Ассамблея алдына қойып, ұлағатты ойлар айтты. Олар: «Бүкілқазақстандық біртектіліктің болашағы біртұтас ұлттың кілті бүкіл қазақстандық мәдениет, берік мәдени арқаусыз елдің экономикалық және саяси табысы мүмкін еместігі, қазақстандық ұлттық рухтың басты көзі – ортақ рухани адамгершілік құндылықтар негізіндегі халық бірлігі. Өскеген ұрпақты патриоттық тәрбиелеу, мемлекеттік тіл, этноаралық қатынастар саласын саясаттандыруға жол бермеу...» Ассам-

блея Төрағасының: «Бақыт бағалай білгеннің ғана басында тұрады. Ең асыл қазынамыз – бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай білсек, барлық асулардан асамыз.

Мен халқымды Ассамблеяның алтын шаңырағын асқақтата түсуге үндеймін. Бірлік қағидасы – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналсын! Жүрегімізде Ұлы Отан – Мәңгілік Елге деген махаббат оты маздасын! Банды болашаққа бірге қадам басайық! Ырысымыз тасып, айбынымыз аса берсін!

Алға, Қазақстан!» деген түйін сөзі алшы түйер асыққа құйылған қорғасында көңілге қона кетті.

Президент – Елбасы – Ұлткөшбасшының Н.Ә.Назарбаевтың Ассамблея сессиясында айтқан ұлағатты ойлары бақ-дәулет – бірлікте, өмірдің мағынасы –атқарылған тірлікте» екендігін тағы бір мәрте еске салған ескірмейтін есті сөз болды.

Сәл алға озыңқырап барып айтсақ Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төрінде айтылған ұлағатты ойларында да ең асыл қазынамыз – бірлігіміз жайлы, бірліктің арқасында бітірген тірлігіміз жайлы көкейге қонымды көп жайлар анық та қанық айтылды.

Иә, бірлік болмай тірлік болмайды. Бақ, дәулет – бірлікте, өмірдің мағынасы – атқарылған тірлікте!

АЛТЫНШЫ ХИКАЯ

Мұратың халық болса – айың жарық болады, Хан әділ болса – халық ынтымақты болады.

Тұлпарсың алқымы ісіп, алқынбаған,
Қырансың зенгір көкте саңкылдаған.
Бақытқа бастай бер деп елімізді,
Нұреке, бата берді халқың саған

Қарақорымның жартасына қашалып жасалған Шыңғыс ханның қасиетті өсіетінде оның тарихи қастерлі бейнесі, керемет кесек іс-әрекеттері, жандүние жасаулары елес беріп тұрғандай.

Алтын денем қалғыса да,
Ардақты елім солмасын.
Бүтін денем қажыса да,
Бүкіл елім тозбасын.
Абзал елім даңқы артсын.
Бүкіл денем қиналса, қиналсын –
Бүкіл елім топтансын! –

депті Шыңғыс хан. Өмірдегі оқиғалар мен құбылыстардың, тарихи тұлғалардың, олардың іс-әрекеттерінің бәрі болмаса да біразы даулы ғой. Шыңғыс ханға қатысты да дуалы ауыздардың өзі тоқтата алмаған дау көп. Десек те, Шыңғыс ханның тасқа қашалған сөздерін оның елім деп өмірден бейнесі тайға таңба басқандай танылып тұр. Осы жолдар Қазақстан Республикасының тұңғыш және қазіргі Президенті – Елбасы – Ұлткөшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Садаған кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойдағы қуат, ойдағы нәрдің бәрін сарып етуге бейілмін» деген сөзімен үндес, қандас.

Мұратың халық болса – айың жарық болады. Соның айқын бір көрінісі Елбасының өнегелі өмір, бүкіл әлем таныған, мойындағы ұлы тұлғасы, халықтың оған деген ыстық ықыласы мен шексіз құрметі.

Елбасыға деген халықтың ыстық ықыласы мен шексіз құрметінің, берік сенімінің көркем көрінісі болды биылғы – 2015 жыл сәуір айының 26-жұлдызында өткен кезектен тыс Президент сайлауы. Дүниежүзінің сан қырынан келген саналуан саңлақ байқаушылар: «Бірде-бір заң бұзушылық болған жоқ, бірде-бір кемшілік таба алмадық, бұл өте әділ сайлау болды» деп таңдайлары тақылдап, тамсанған сайлауда Н.Ә.Назарбаев 97 пайыз дауыс алып, айқын басымдылықпен анық та қанық жеңіске жетті. Бүкіл түркі халықтарының төбе биі Майқы билің сонау XII-ғасырда айтқан: «Хан әділ болса – халық ынтымақты болады» деген тарихи сөзінің айқын бір дәлелі еді бұл.

«Адамда жаксы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» депті Жүсіп Баласағұн. Нұрсұлтанға қонған бақ пен бақыттың сыны неде, құпиясы қайсы? Бұған толық жауап беру қиын. Исак Ньютонның сөзімен айтсақ: «Движение Вселенной можно вычислит, однако человеческую душу исчислит невозможно» және Нұрсұлтан Назарбаев қатардағы көптің бірі емес, тарих ұзақ толғатып, сирек туатын әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға! «Кеменгерлік құпиясы» атты кітабымда («Арда» баспасы 2009 жыл) Назарбаев фонемнен түсінуге (түсіндіруге емес) талпыныс жасадым.

Суретте: Елбасының тікелей қамқорлығымен салынған Қазақстандағы қазіргі күнгі ең үлкен Әзірет Сұлтан мешіті.
(Жалғасы 5-бетте)

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АСЫЛЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Елбасының еңбек пен күреске толы өмір жолын зерделегенде ұққаным: оны әлемдік биік деңгейге көтерген алғы шарт – жаратылыс жомарттықпен сыйлаған тұлғалық қасиет. Алғашқы баспалдақ – ана сүті, әке қанынан дарыған даусыз қасиетті тәрбие. Эпиктеттің сөзімен айтсақ: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам». Осы тұста Нұрсұлтан тәрбиесінде өз әже Тәтті бала айтқан тәмсіл, анасы Әлжан шерткен тағылымды ертегі, әкесі Әбіштен естіген ақыл мен нақыл және өмір мектебінің оң әсері болғанын айтудың орайы келіп тұр. Бұған әлемдік деңгейдегі әдебиетшілер мен тарихшылардың, философтар мен экономистердің еңбектерін оқу мен тоқу, өмір бойғы үзіліссіз ізденістерді қоссаңыз сонадайдан танылар сом тұлғаның сыры мен құпиясын ашпасаңыз да соған апарар соқпаққа түсеріңіз зайыр.

Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасын тануға септесетін тағы бір сөзге кезек берелік. «Если человек трудится только для себя, он может, пожалуй, стать знаменитым ученым, великим мудрецом, превосходным поэтом, но никогда не сможет быть истина совершенным и великим человеком (Карл Маркс). Қарақан басының қамымен өмір сүре алмайтын жүрегі берісі өз халқы, өз елінің әрісі бүкіл әлемнің жүрегімен бірге соғатын қайталанбас хас тұлға Нұрсұлтанның айы жарық болмағы табиғи заңдылық емес пе?!

Ұлт бағына туған ұлы тұлға Нұрсұлтан Назарбаевтың:

«Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз.

Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық.

Билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаған тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік.

Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Бұл заманауи кала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық көрмесін өткізу орны ретінде таңдалды. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңсеткен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара – ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті», - деген сөзі ел үшін жасалған еңбектің жемісі мен жеңісін айқын танытып тұр. Елі еңбеккер, ел бастаған ері кеменгер болса аспайтын асу, алынбайтын қамал жоқ, бұл болмаса алға тартқан адамзат көшінің соңында шаң қалып қалудан бөтен амал жоқ. Бакытымызға қарай қазақ елі еңбеккер, көш бастаған көсеміміз Нұрсұлтан Назарбаев кемел ойлы кеменгер.

Әлем қызыққан тағы бір бакытымыз – ханымыз әділ. Соданда халық ынтымақты. Соданда 2015 жылғы 26 сәуірдегі кезектен тыс Президент сайлауы Нұрсұлтанның мұраты – халық, соданна оның айы жарық екенін; хан әділ болғандықтан халық ынтымақты екенін айдай әлемге паш етті.

2015 жылы 29 сәуірде болған Президентті



ұлықтау рәсіміндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі мен тәуелсіздік сарайындағы халықтың көтеріңкі көңіл күйі әдемі үндесіп әсем жарасым тапты. Сол күнгі ғажайып аураға табиғаттың өзі де табынып, аспандағы алтын күн айналаға нұрлы, сырлы, сымбаты бөлек сұлу шуақ шашып тұрды. Иә, мұратың халық болса – айың жарық болады, хан әділ болса – халық ынтымақты болады!

ЖЕТІНШІ ХИКАЯ

Түнді қуған күндіздей, Халықпен өл егіздей

Қайраты қайтпас, айбыны бейне арыстан, Жасаған нұсқа халқына ұлы барыстан. Қазақтың елін танытқан бүкіл әлемге, Ғасырларда туар сіздей данышпан.

Тарлан тарих қойнауына кеткен жиырма-сыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары Оңтүстік Африкада Кимберлит трубасынан ең үлкен алмастардың бірі табылды. Одан бриллиант алу үшін әлемдегі ең таңдаулы зерлеуші шақырылды. Атақты шебер Кимберлит трубасындағы алмастың қыр-сырын ұғу үшін тек оны зерттеуге ғана бір жыл уақытын сарп етті. Тек содан соң ғана алмасты қырнап, өңдеп, зерлеуге кірісті. Содан кейін тамшылаған тер менен жан әзер шыдаған еңбектен асқан шеберлік пен зерленген асыл текті бриллиант өмірге келді. Қай қырынан қарасаң да көз жауын алған, түннің өзінде жарқырап, жанып тұрған бриллиант соншалықты тыңғылықты зерттеусіз, тынымсыз, еңбексіз, оның текті табиғатын ұқпайынша сондайлық ғаламатты өмірге әкелу еш мүмкін емес еді. Зерлеушінің бір ғана қателігі сәтсәздікке әкеліп соғар еді. Ел бағына туған ұлы тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды әлемдік деңгейдегі аса салмақты саясаткердің ел өмірдегі елеулі кезеңдегі көрегендігін, бірінен соң бірі Қыз Жібектің көшіндей боп тізілген жаңалыққа толы бағалы бастамалары мен ұлы идеяларын сол бриллиант әрлеушінің аса нәзік, аса ауыр

еңбегімен, асқан шеберлігімен теңестіруге болады. Оған оның соңғы екі он жыл дықтағы 2030 және 2050 стратегиялары, «Нұрлы жолы», «Мәңгі елі», айқын айғақ. Соның жарқын жалғасы БАҚ-та жарияланған 5 реформа мен оны жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадам. Бір сөзбен айтсақ, бұл таяу болашақтың бағытын көрсетіп берген бағдаршам, адастырмас ақ жұлдыз. Бүгінде елдің бәрі білетін бес реформаның бес мықты дінгегі бар. Олар: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустриаландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру. Бәрі бірдей аса маңызды 5 реформаны жүзеге асыру үшін Ел Президенті жанынан бес жұмыс тобынан жасақталған комиссия құрылуы, ұлттық комиссия жанынан беделді шетелдік сарапшылар қатарынан. Бұл 5 реформаның жүзеге асуына зор көмек болары сөзсіз.

Ұлттың осынау ұлы жоспары, жалпы Нұрсұлтанның барлық аса бағалы бастамалары мен ұлы идеялары түнді қуған күндіздей, оның жаны халықпенен егіздей. Есікден жеткен есті тәмсіл шерткен сыр бұл. Алла тағала адамды балшықтан жаратқан. Адамды жаратқан Алланың қолында бір уыс балшық қалыпты. Алла сол балшықты адамның алақанына салып, «Өз бақытынды өзің жасап ал!» депті. Адамзаттың бір бөлігі сол балшықтан ізгілік жасағндар алғысқа, зұлымдық жасағандар қарғысқа бөленіп келеді.

Өзіне сенген құстай ұшады, біреуге сенген мұрттай ұшады. Өзіне сенген Нұрсұлтанды табиғи таланты мен табанды еңбегі қыран құстың қос қанатындай болып талай-талай биіктерге алып ұшты.

Ізгілік қыл – ізгілік көп кісіде, Өсерлі ғой ізгілердің ісі де, - деген Жүсіп Баласағұн сөзі өмірлік мұраты болды оның. Пифагордың: «Бақытты қуап қара тер болма, оны өзіннің ісін мен ішіннен ізде» деген сөзі де үнемі жадында сақтады, ұлы мұрат, ұлы еңбек сенімді ақтады.

Нұрсұлтан отызға жетпей-ақ орда бұзып,

қырыққа жетпей-ақ қамал алған қаһарман. Бұған ойның бүкіл саналы өмірінен ондаған, жүздеген мысал келтіріп көзқарқты халықтың өзі білетін жайларды баяндамай-ақ қоялық.

Осының бәрі әлемдік деңгейдегі тұлға бастайтын баспалдақтар болғанмен Нұрсұлтан фономенін басты факторлары оның Алланың нұры түскен ұлы тұлғасында!

ТҮЙІНСӨЗ

Терең теңіз тартылмайды, Терең ой сарқылмайды

Көз жетпес көк аспандай көлеміне, Бойлатпас көк теңіздей тереңіне, Елбасым, Елін сүйген Нұрсұлтаным, Қонған бақыт дер едім мен Еліме.

Ұлы тұлғаларды тарихтың өзі туғызады. Заманның дауылы мен жауыны, селі мен желі, өрті мен дерті шындап, шыркыратады. Соның көркем бір көрінісі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өмірі. Ол бүгінгі әлемдік деңгейдегі биігіне бірден және оп-оңай жеткен жоқ. Оған дейін ол талай тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Қиналған кездері де болды сыр бермеді, майыспады, қайыспады, сынбады. Ұлттық ұлы рух, қайыспайтын қайсар намыс, қайтпас қайрат жігерін жанып, үнемі алға жетеледі.

Нұрсұлтан Назарбаев жайлы ойлағанда қалам ұшына Шәкәрім қажының:

Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты, -

деген өлеңімен қабаттаса Вольтердің: «Мемлекетті құтқару үшін бір ғана ұлы адам жеткілікті» дейтін ұлы ұлағатты, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан: «Уайымсыз ұйқы ұйықтатқан ханы-ай!» деген сөзі ора-лады. Нұрсұлтан келе жатқан онымен бірге терең теңіз, текті ойлар көшіп келе жатқандай әсерде боламын.

Қара сөзі ұзай береді. Нұрсұлтан жайлы ойымды өлеңмен өрейін:

Даналардың көзіндей,
Сөзі Бұқар сөзіндей,
Ақылына қарасам,
Абылайдың өзіндей.

Бекзаттығы аппақ сезімдей,
Саясатта семсер сезімдей,
Нұрсұлтандай дана қайда бар,
Ойлайтын халқын көз ілмей.

Бір өзі бір ел туындай,
Лебізі алтын буындай.
Нұрсұлтан алтын буындай,
Нұрсұлтан сынды дананың.

Тұрсыншы туы жығылмай.
Өр ісін қолдап, демендер,
Артық айтты демендер.
Ғасыр сайын тумайды,
Нұрсұлтандай кеменгер.

Иә, Нұрсұлтанның ойы теңіз, өзі ұлылықпен егіз.

Терең теңіз тартылмайды, терең ой сарқылмайды...

1-4 мамыр, 2015 жыл.

АСТАНА МЕДАКАДЕМИЯСЫН ҚЫЗЫЛ ДИПЛОММЕН БІТІРГЕН
БЕСАСПАП ДӘРІГЕР ӘМИНА ҚАРАШҚЫЗЫ ЖҮСПЕБЕКОВА - АУДАН МАҚТАНЫШЫ

«Е, дәрігер Әлиманың қарауына түскен екенсің, енді уайымдама, тауір болып шығасың.

(Емделушілер пікірі.)

«Қазақ» десең өзіне тиеді, кейде пендешілікке салынып, дәрігерлер туралы онды- солды пікірлер айтып, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтініміз бар ғой біздің. Алайда олардың қадырын ауырғанда біледі екенсің. Шамалы ыңкыл-сыңкылға мән бермей жүре беретін әдетім бар еді, жакында тағы солай ауырыңқырап жүрсем де Астана қаласына бір шаруамен барып, одан Арқалыққа соғып «Менің Қазақстаным» атты үгіт поезындағы дәрігерлерге қаралудың сәті түсіп, инфарктын (жүрек талмасы) жасырын түрін алғанымыз білдім. Солардың берген дәрігерлік анықтамасымен аудандық орталық аурухана дәрігерлеріне қаралдым.

Терапевт дәрігер Әлима Қарашқызы мені шұғыл түрде қабылдап, сол күні

кешке ауруханаға жатқызды. Жатқызар алдында толық тексеруден өткізіп, нәтижесі бойынша жедел аурухана басшыларымен ақылдасып және облыстық кардиология бөлімімен байланысқа шығып үлкен қызмет жасап, қамқорлық көрсетті. Өзіме деген асқан құрмет пен ізгіліктің нышанын сезінген мен тіпті дертімнен айыққандай болдым. Жайлы да жарық, таза палатаға орналастырып тиісті емдік шараларын жасады.

Әмина 2003 жылы Астана қаласындағы Медициналық Академияны терапевт мамандығы бойынша үздік бітіріп шыққан. Сол бетінде өзі туып-өскен Аманкелді ауданына қызметке келген. Содан бері 12 жыл өте шығыпты. Осы уақыт ішінде Әмина білікті дәрігер Бимағанбет Кенжебековтен мол тәжірибе жинақтап, өз ісінің білгірі атанған. Ауданымызда Медакадемияны немесе мединститутты үздік бітірген дәрігер сирек, мүмкін жоқ та шығар. Әмина өз қалаған мамандығына жан-тәнімен берілген, уақытпен санаспайды. Науқастарға жаны ашиды.

Тағы бір айта кетерлігі, мұнда

емделушілер-ге берілетін ас мәзірлері де өте дәмді дайындалады екен. Жалпы ауруханада науқастарға деген ерекше ықылас, қызмет көрсетудің дәрігерлік мәдениеті жақсы қалыптасқан. Мұндай асқан риасыз көңілге қалай риза болмайсың. Әсіресе, аудан тарихының кесек тұлғаларының бірі болып танылған Қараш әкейдің баласы Әлиманың осылай ерекшеленуі - әке рухы мен аруағының асқақтай түскені деп білдім. Маған дейін де Әлима туралы жылы лебіздер айтылған, бірақ «жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын» дегендей біз осындай білікті де іскер, өз кәсібінің адал иесі бола білген қызымызды әрқашан мақтан тұтуымыз керек.

Сондықтан Әлима қызыма емінің әрқашанда шипалы, мерейінің үстем болуына шын тілекшімін және алдағы уақытта оның аудан халқының мақтанышы боларына сенемін.

Сайлаубек САЙДІЛДИН,
зейнеткер, комсомол, партия және
әкімдік қызмет ардагері.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

2015 жылдың 24 маусымы күні аудандық әкімдік жанындағы кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті №11 отырысы болып өтті. Оны комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды. Комиссияның күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Байғабыл ауылдық округі әкімдігінің атқарған жұмысы туралы есебі.

(Хабарламашы: Байғабыл ауылдық округі әкімі Д.Токтаров)

2. Жаз кезінде аудандық ПБ профилактикалық есебінде тұрған балалардың жұмыспен қамтылуы туралы ақпарат.

(Хабарламашы: «Аманкелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі» КММ басшысы С.О.Төленов)

Комиссия отырысы күн тәртібіндегі екі мәселені қарап, қол жеткен жетістіктер мен алда тұрған міндеттерді саралай келе, бірінші мәселе бойынша 3 тармақтан, екінші мәселе бойынша да 3 тармақтан тұратын қаулы қабылдады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

26.06.2007 жылы Мусабаява Эльмира Хасеновнаның атына берілген №019837539 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

2015 жылы бітілетін басым дақылдарға субсидия алу үшін ауыл шаруашылық қырылымдары төменде көрсетілген қажетті құжаттардың көшірмелерін осы жылдың 10 шілдесі дейін Аманкелді ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне:

1. Өтінімді және нөмірі көрсетілген банктік шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банк не Ұлттық почта операторы анықтамасын бір данадан ұсынады.
2. Өткен жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (сызбасының) (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер растаған және бөліммен келісілген) көшірмесін;
3. Ағымдағы жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (сызбасының) (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер растаған) көшірмесін ұсынады.
4. Құжаттар қабылданатын 3.07.2015 жылғы 10.07.2015 жылға дейін, сағат 9.00-ден кешкі сағат 17.00-ге дейін күнделікті.

Қойылатын талаптары: әскери билет немесе жоғары кәсіптік білімі бар (юриспруденция), бойы 170-тен жоғары, жасы 25-ке дейін.

Барлық сұрақтар бойынша мына нөмірге хабарласуыңызға болады: 8-701-148-5353 және 871440 23 - 7 - 26

Осы бұйрықта көрсетілген негізге сәйкес, салық және кендік төлемдерді қайтару, есепке жатқызу оңайтылған шара мақсатында, яғни бюджеттік сыныптамасының кодтары қысқарту жүргізілді. 1 шілде 2015 жылдан бастап 215 кодтан 119 код қысқартылады жартысынан жоғары сақталып қалатыны 96 код.

Дифтерия - шырышты кабықтар зақымданып, оларда ақшыл-жұғылты қабықшалардың пайда болуымен және организмнің жалпы улануымен сипатталатын жұқпалы ауру. Қоздырғышы дифтерия таяқшасы (1884 жылы Леффлермен ашылған) Сыртқы ортада өте тұрақты-ойыншықтарда, ыдыс-аяқта, көрпе-жастықта көпке дейін сақталады. Өте ауы экзотоксин бөліп шығарады. Эпидемиологиясы: ауа-сілекей және қарым-қатынас таралады. Инкубациялық кезеңі 2-10 күн. Егілмеген балаларда ауыр өтеді. Ауыз қуысының дифтериясының клиникасы: Дене қызуы 37,5-40° ауру баяу басталады даусы қарлығып жөтел пайда болады. Ауыз қуысында бадамша бездерінің айналасы қызарып бірнеше күннен кейін сүрткенде алынбайтын қабықшасы бар ақшыл түске айналады. Баланың температурасы көтеріліп мазасы кетеді, жүрек тоңдары нашар естіліп, ауыз шырын шұбырышының цианозы дыбыс желбезектерінің астының ұлпалары ісініп, тыныс сандауы тарылады, артынан дыбыс мүлдем жоғалып, жөтел дыбыссыз дамиды улану белгілері өсіп, гипоксия дамиды. Тыныс алуы сирек қан қысымы төмендеп, бұлшық еттері құрысып -тырысуы мүмкін. Брадикардия дамып тыныс жолдары бітеліп бала өліп кету мүмкін. Дифтерия ауруын бактериологиялық сараптама жүргізу арқылы анықтайды. Ошақтағы алдын алу шаралары:

1. Ауру баланы мейлінше ерте оңашалау.
2. ТҚҚБ-на жедел хабарлама беру.
3. Қарым-қатынаста болған балаларға 7-8 күн карантин тағайындап, 2 рет бактериологиялық зерттеу өткізу.
4. Аурудан жазылған баланы 2 рет бактериологиялық зерттеуде теріс нәтижемен шығару.
5. Инфекция ошағында дезинфекция жүргізу.
6. Санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу.

Б.ТУЛЕГЕНОВА
«ҚОСЭСО» РМҚК Аманкелді ауданы
филиалының лаборант бактериолог

Аманкелді аудандық соты 2015 жылдың 01 шілдесінен бастап бюджеттік сыныптамалар кодының (БСК) өзгеретіні туралы хабарлайды. Мәлімет үшін: бұрынғы 108102 болған код - 108126 жергілікті бюджетке есептеледі. 108125 - республика бюджетіне есептеледі.

1988 жылы Жалдама орта мектебін бітірген Даниярова Гульназ Хасеновнаға берілген жалпы орта білім туралы аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

1993 жылы Жалдама орта мектебінің 9-сыныбын бітірген Данияров Абзал Хасеновичке берілген негізгі орта білім туралы куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын

Әбілбеков Хамит Мұхтарұлының атына берілген 20 желтоқсан 2006 жылғы Аманкелді ауданы жылжымайтын мүлікті жария ету туралы №826 шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Иә, біздің еліміз Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасымен әлемдік және дәстүрлі діндердің бейбіт қарым-қатынасының алтын көпіріне айналды. Мысалы, тұңғыш рет 2003 жылы түндігің турған алғашқы сөз сөзделді делегаттар тарапынан дінаралық саммиттің ұдайы өткізіп тұруы сөз болып, оның жұмыс органы – Сөзді Хатшылығын құру туралы шешім қабылданды. Араға үш жыл салып барып өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II сөзі «Дін, қоғам және халықаралық қауыпсіздік» атты тақырыптың қосын көтерді. Осыған жолығы Сөзді Елорда төрінде бой көтерген Бейбітшілік пен келісім

«Ұлттық жоспарды жүзеге асыру қажырлы еңбекті қажет етеді, сондықтан да оның орындалуында барлық мемлекеттік

Сондай-ақ, азаматтар үшін сыбайлас жемқорлық фактілерін хабарлау үшін ҚР Жоғарғы Сотының, Қостанай облыстық сотының, Аманкелді аудандық сотының «Сенім телефоны» жарияланған және

Бұйырса, осы жылдың Маусым айында Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезін өткізу жоспарлануда. Дін - өте нәзік тақырып болғандықтан, бұдан бұрынғы өткізілген съездерде дәстүрлі дін жетекшілерін бір үстелдің басына отырғызып, бірін-біріне ғаламда орын алып отырған ортақ түйткілді мәселелерді сезіндіру көзделді. Иә, үмітіміз жанып, дәстүрлі дін көшбасшыларды біртіндеп бір-бірін жатсынай, толғақты тақырыптардың шешіміне қатысты ортақ ойлар айта бастады. Задында, тарихта ғасырлар бойы біріні-бірі теріске шығарып келген дін өкілдерінің тең дәрежеде сұқбаттастық жасауы, тарихта бұрын-соңды болмаған жағдай еді. Әлбетте, бұл Қазак елінің үлкен жетістігі болатын. Осы табанды түрде өткізілген төрт съезден кейін форумның жұмыс жүргізу ережелері айқындалды. Ал, форум ендігі басқосуда дін атынан жасалынып жатқан келенсіз істерді түбегейлі жоюға қатысты нақты шешімдер қабылдайды деп үміттенеміз.

Молдір ШЕРИЕВА,
МҚІСЖҚІК агенттігінің Қостанай облысы бойынша
Департаментінің баспасөз хатшысы

Сыйбайлас жемкорлыктын ең кауіпті түрлері қылмыстық жауапкершілікке жатады. Ең алдымен паракорлық жатады. Паракорлық сыйбайлас жемкорлыктын бір түрі, бұл лауазымды тұлғаның жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға қандай да бір қызмет көрсетіп, соның өтеуі ретінде пайда табуымен сипатталады. Бұл ретте тек лауазымды тұлғаның пара алуы ғана емес, сонымен қатар пара берушінің заңсыз түрде сыйлық беруі де заңға қайшы әрекет болып табылады. Осының алдын алу мақсатында Аманкелді аудандық сотың ғимаратында арнайы кіріп – шығу тәртібі орнатылған. Кіріп шығу тәртібін «Құзет» МҚКБ-ның қызметкерлері және аға сот приставымен қамтамасыз етіледі.

Аманкелді аудандық сотының кеңсесі

Реквизиты для оплаты государственной пошлины при подаче исковых заявлений (заявлений), апелляционных и кассационных жалоб	
I инстанция Амгелдынский районный суд Костанайской области	Реквизиты для оплаты государственной пошлины при подаче ходатайств о пересмотре судебных актов в порядке надзора
Бенефициар: Республиканское государственное учреждение «Управление государственных доходов по Амгелдынскому району Департамента государственных доходов Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан». БИН: 941240000679 ИИК: KZ24070105KSN0000000 Банк бенефициара: ГУ Комитет казначейства Министерства финансов Республики Казахстан БИК: KKMFKZ2A Код налогового органа: 3920 КБК 108126 КНП 911	Бенефициар: Республиканское государственное учреждение «Управление государственных доходов по Есильскому району Департамента государственных доходов по городу Астане Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан». БИН: 081240013779 ИИК: KZ24070105KSN0000000 Банк бенефициара: ГУ Комитет казначейства Министерства финансов Республики Казахстан БИК: KKMFKZ2A Код налогового органа: 6205 КБК 108126 КНП 911
Апелляционная, кассационная инстанции Бенефициар: Республиканское государственное учреждение «Управление государственных доходов по городу Костанай Департамента государственных доходов Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан». БИН: 900540000025 ИИК: KZ24070105KSN0000000 Банк бенефициара: ГУ Комитет казначейства Министерства финансов Республики Казахстан БИК: KKMFKZ2A Код налогового органа: 3917 КБК 108126 КНП 911	 1401 www.sud.gov.kz

Амангелді ауданы прокуратурасының жанында Заңдылықты қамтамасыз ету сұрағы бойынша Қоғамдық кеңестің отырысы өтті

2015 жылдың 26 маусымында Амангелді ауданы прокуратурасының жанында Заңдылықты қамтамасыз ету сұрағы бойынша Қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Аталған отырыстың күн тәртібін-де қазіргі таңда өзекті мәселе кәметке толмағандарды асырап-бағуға алимент өндіру барысында заңнаманың сақталуы, сондай-ақ бұл бағытта қабылданып жатқан іс-шаралардың тиімділігі сұрағы қаралды.

Сондай-ақ, бұл отырыста аудан прокуратурасымен аталған саладағы заңнаманың сақталуына жүргізілген тексерістер нәтижелері талқыланды.

Мысалы, ағымдағы жылдың өткен мерзімінде аудан прокуратурасымен анықталған заңдылықтың бұзылу фактілері бойынша Амангелді ауданының сот актілерін орындау бойынша аумақтық бөлімге заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізіліп, оны қарау нәтижелері бойынша кәметке толмағандарды асырап-бағуға 164 мың теңгеден астам алимент бойынша берешек өндірілген және 3 борышкер Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабымен әкімшілік

қамаққа алу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Қоғамдық кеңестің шешімімен кәметке толмағандарды асырап-бағуға алимент өндіру барысында тиісті лауазымды тұлғаларға және уәкілетті мемлекеттік органдарға азаматтардың құқықтарын, соның ішінде конституциялық құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол берілген жағдайда кінәлі тұлғаларды тиісті жауапкершілікке тарту мақсатында дереу қажетті шараларды қабылдау ұсынылды.

Амангелді ауданының прокуратурасы

«ПРОКУРОР ТҮСІНДІРЕДІ» АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

Құрметті кәсіпкерлер! Амангелді ауданының прокуратурасымен қазіргі таңда кәсіпкерлердің меншік құқығын қорғау бойынша құқықтарын түсіндіруге бағытталған «Прокурор түсіндіреді» акциясын тоқсан сайын өткізу тәжірибесі енгізілуде. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Конституцияның 26-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Соттың шешімісіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажды үшін мүлктен күштеп

айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады. Айтылғандарға байланысты, Сіздердің тараптарыңыздан аталған мәселелерге қатысты туындаған барлық сұрақтар бойынша аудан прокуратурасының (8-71440) 21-5-06, 21-1-73 сенім телефонына хабарласуыңызға немесе тікелей аудан прокуратурасының жедел қызметкерлеріне жүгінуіңізге болады.

Амангелді ауданының прокуратурасы

Аудандық газет - 80

ӨМІРІМНІҢ АЙНАСЫ БОЛА БІЛГЕН БАСЫЛЫМ

Мен 1967 жылы орта мектепті бітірісімен сол кездегі үрдіс бойынша ауылда қалып әртүрлі жұмыстар атқардым. Ол кезде жұмыс тапмамаймыз совхоз қайда жіберсе сонда барамыз. Жазда наудандық жұмыстар шөп шабу, қой қырку, сақыманда болсам, қыста мекемеге от жағушы малшы шопандарға көмекші, тракторшы болып еңбек еттім. Бір ерекшелігім қай жұмысқа болса да тез бейімделем, әрі арланбайтын едім, отбасылық тәрбием болар сондай еңбекқор болдым. Адал еңбек етсең абырой, бақ береке өзі іздеп табады, қоғам назарында жүресің, өзіндік құрметке бөленесің міне сол кезеңдерде ауылға аудандық «Тың шұғыласы» газетінен тілшілер келіп менімен жолығып, әңгімелесіп еңбек жолым туралы мақалалар, очерктер бере бастады. Сөйтіп менің аудандық газетпен байланысым алғаш 1970 жылдан бастау алды. Әсіресе 1973 жылдары әйгілі шұбартаулықтардың бастамасымен совхозда құрылған комсомол-жастар шопандар бригадасында он жылдай ұстаз жетекшілік жұмыста жүргенімде газетпен араздықтағы байланыс шарықтау шегіне жетті десем де болады. Марқұм Еренғайып ағамен сыйластығым көзі жұмылғанша үзілген жоқ, қатты араластық. Ол кісі туралы бірқатар қызықты деректер білем. Алайда олардың бәрін газет бетіне сыйғызу мүмкін мен үшін бұл аға, бір туар, ерекше жан еді. Сол сықылды Сұлтанғали Бискеев, Самат Асқаров, Серікбай Шоңғалов, Қанеш Қанафин, Қонақбай Теміржанов, Рамазан Тілеужанов, Мейрам Қанафин, Қасымқан Қанафин, Ләззат Қапышова және марқұм Зигагүл Қойшығұлова, Төлеген Сейдахметов, Сейілбек Әбдіқовтармен қоян-қолтық араластым. Сол сықылды 1980 жылы Хамитбек Мұсабаевпен бірге аудан атынан ақын ретінде көршілес Торғай өңірін бір жеті аралаған кездерім - менің өмірімнің мәнді тұстарының бірі болды деп есептеймін. Қасымғұла өңші, сазгер Айтан Сейдахметов үшеуімздің қызыққа толы күндеріміз әлі жадыман өшкен жоқ. Әріден қозғаймақ кешегі тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі алғашқы қалыптасу кезеңдерінің өзінде-ақ қаншама қиыншылықтар мен бетпе-бет келді, қаржы тапшылығы, баспахананың жабылуы, кадрлардың жан-жаққа кетуі айтарлықтай қол байлау болды, сол сықылды халықтың тұрмыс жағдайларына орай таралымда аз болды. Алайда, «көп түкірсе көл» дегендей сол кездегі аудан басшылары мен елдің жайсаң белді азаматтары өздерінің төл газетінің жабылып қалмауына жанашырлықпен ат салысты. Қаржылай көмектесіп қолдау жасады. Сол сықылды аудан, мекеме басшылары мен ауыл әкімдері аудан газетінің таралымына өз үлестерін қосып отырды. Соның бірі өзім болдым. Қазақ «жасаған жасқалығыңды міндетсіме, оны ел айтсын» деуші еді, амал жоқ осы жерде айтпай кетуге болмады. 1998 жылдары болуы керек, Әліби ауылының әкімі болып жүрген кезім, бір күні күзде аудандық әкімдіктің ғимаратының ал-



1982 жылы Аманкелді-Жанкелдин аудандары ақындарының айтысы қарсаңында түсірілген сурет. (Солдан оңға қарай) ақындар Танатқан Сәтбаев, редактор Еренғайып Әбдіхалыков және «Құрдастар» отбасылы жас шопандар бригадасының бригадирі Сайлаубек Сәйділдін, айттыскер ақын Айгүл Қалиева, Гүлбаршын Смайылова және белгісіз.



1991 жылы Жанкелдин атындағы совхозда түсірілген сурет. Отырғандар: совхоз директоры Боранбай Текенов, оның зайыбы Манар Текенкеліні, журналист Ләззат Қапышова, Бас редактор Хамитбек Мұсабаев, түрегеліп тұрғандар: мектеп директоры Жұмабек Жәкенов, совхоз партия ұйымы хатшысы Сайлаубек Сәйділдін, кәсіподақ ұйымының төрағасы Сағидолла Жәнділдин.

дынан аудандық ардагерлер кеңесінің сол кездегі төрағасы марқұм Уәли аға кездесе қалып, амандық-саулықтан кейін, «Сайлау, сендер жақта аудандық газетке таралым аз, сондықтан ең құрығанда анау он шақты карттарыңның газетке жазушылына көмектес» дедім, мен уәде беріп сол құм поштаға барып өз еңбекқымның есебінен 18 аудандық газетке жазылып ауыл үлкендеріне бердім. Арада 3-4 жыл өтіп Есір ауылында әкім болып жүргенімде Уәли аға тағы кездесіп «бағғы мәрттігіңді тағы бір қайталайсың» дегесін ағаның елге, газетке деген жанаршылығын құрметпен мойындап сол жылы 1 жылға 40 дана газетке жазылып тұрмысы төмен, көп балалы отбасыларға таратып бердім. «Сыйға сый-сыраға бал» дегендей мен өзім журналист болмасам да қазіргі кезде аудандық газетке әр тақырыпта ара-тұра мақала беріп тұрамын. Өткен жылдан бері газет

8 беттен шығып жүр. Әсіресе биылғы жылы газет беттеріне Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңына орай көптеген соғыс және тыл ардагерлері жайлы тың деректер мен құнды мақалалар жарияланды. Бұл құттарлық қадам болды. Газет беделі оқырмандарымен құнды. Бүгінде оның тізгінін кешегі Бөгетбай, Еренғайып ағалардың көзін көріп, тәжірибесін бойына сіңіре білген ауданның сыйлы азаматы Хамитбек ұстап келеді. Мен ол азаматқа мерейінің үстем болып, ұжымының, шығармашылық жұмыста толағай табыстарға жете беруіне тілектеспін. Бұл газеттің 80 жылдай ғұмырының 45 жылын тұрақты оқырман ретінде өзіме серік еткендіктен басшылымы өмірімнің айнасы деп бағалаймын.

Сайлаубек Сәйділдін, еңбек ардагері, зейнеткер. (Суреттер мақала авторының жеке архивінен ұсынылды.)

Хайролла Бәйділдәұлы БӘЙДІЛДИН

2015 жылдың 27 маусымы күні ауданымыздың ардақты абыз ақсақалдарының бірі, соғыс және еңбек ардагері Хайролла Бәйділдәұлы Бәйділдин 90 жасқа қараған шағында дүние салды.

Х.Б.Бәйділдин - 1926 жылы 10 ақпан күні бұрынғы Шыңсай ауылдық кеңесіндегі - қазіргі Үрпек ауылдық округіндегі Кентүбек деген елді мекенде дүниеге келді. 1941 жылы 7 жылдық мектепті бітірген соң, соғыс басталысымен еңбекке араласты. Колхозда есепші болып қызмет етті. 1943 жылы наурыз айында әскер қатарына шақырылып, дайындықтан өткен соң Ұлы Отан соғысына қатысты. Отан соғысы аяқталғаннан кейін Жапон соғысына қатысты. Ол екі соғыста да ерліктің тамаша үлгілерін көрсетті. Жапон соғысы біткеннен кейін әскери қызметте қалдырылып, солдаттарды тәрбиелеуге өзінің үлесін қосады. Марқұмның соғыста көрсеткен еңбектері еленбей қалған жоқ. Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды. Соғыста және бейбіт еңбекте 15 медалдың иегері атанды.

Хайролла Бәйділдәұлы елге 1950 жылы оралады. Елге оралған соң аудандық мал бордақылау совхозында есепші болып еңбек етеді. Көп өтпей совхоздың бас есепшісі болады.

1968-1977 жылдар аралығында осы совхоздың директоры болып жемісті қызмет жасайды. Директорлықтан соң қайтадан осы совхозда бас бухгалтер болады. Ол осы совхозда 36 жыл жемісті қызмет жасайды.

Хайролла Бәйділдәұлы бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланады.

Ол - мінезге бай, істеген ісіне тиянақты, аз сөйлеп, көп іс тындыратын, жаны жайсаң, жүрегі жылы кісі еді. Қарауындағы жұмысшылар мен қызметкерлерге әрдайым жанашырлықпен, мейірбандықпен қарап отырған. Сондықтан да, оны қызмет жасаған ұжымы ерекше құрметтеді. 1977 жылы ұжымы оны зейнеткерлікке құрметпен шығарып салды. Ұзақ жылғы жемісті еңбегін бағалап, иығына шапан жауып, астына ат мінгізді.

Х.Б.Бәйділдәұлы үлгілі отбасы иесі болды. Зайыбы Айсұлу Кәкенқызы екеуі 9 баланы өмірге әкеліп, оларға жақсы тәлім-тәрбие беріп, өсірді. Балаларының бәрі де жоғары білім алып, әр салада қызмет жасауда.

Хайролла Бәйділдәұлы аудан халқы Ұлы Отан соғысы ардагері ретінде әрдайым құрмет тұтты. Ол кісілік пен кішіліктің, ізгілік пен іріліктің айнасындай болған, көпті көріп, көпті білген абыз ақсақал атанды. Өзінен кейінгі қауым ол кісіні жайсаң мінезі үшін ерекше сыйлады.

Ардақты ақсақалдың жарқын бейнесі елінің және біздің жүрегімізде ұзақ уақыт сақталады. Марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Бақұл болыңыз, ардақты ақсақал! Жаныңыз жәннатта, жайыңыз рахатта болғай! Аллатағала иманыңыздан жарылқасын!

Ж.Қ.Таукенов, Ә.Қ.Саматов, Т.Т.Карбозов, С.У.Хайруллин, М.Д.Қаласов, Қ.У.Кеделбаев, Е.Қ.Ешанов, Е.С.Давлетов, Д.С.Сақетов, Ж.Б.Сеитова, Х.Қ.Мұсабаев, М.С.Дихамбаев, Ғ.Т.Жақыбаев, Е.Мұқанов, Б.Уахитов, С.Жәнділдин, Ә.Әлмағанбетов, Ғ.Жүнісұлы, Т.Ж.Ержан, З.Сейдин, С.Сәйділдин, Т.Тізілеуов, Т.Боранбаев.

ЕСКЕ АЛУ

Өзінің кәсіби біліктілігі мен өз ісіне үлкен жауапкершілігінің нәтижесінде заманының алдыңғы қатарлы білімді де белсенді, абыройлы азаматының бірі болған **Қожахметов Жұмағали ҚОЖАХМЕТҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына да 40 күн толып қалды.

Әкемізді сағына еске аламыз. Өмірінің жалғасы болар немерелері аталарының аялы алақаны мен мейірімін аңсайды.

Білімі мен іскерлігін өзінің туған жерінің өсіп-өркендеуіне арнады. Ел сеніп тағайындаған жауапты қызметтерді абыройлы атқара білді.

«Жақсы әке – балаға жүз жылдық азық» демекші, әкеміздің орны біз үшін ерекше. Бала тәрбиесіне ерекше мән беретін. Әрдайым біздерге бағыт-бағдар беріп, әкелік қамқорлығын жасайтын. Отбасымыздағы сыйластық пен татулық, мейірімділік пен еңбекқорлық әкеміздің үлгі болар өмірлік ұстанымы екенін әркез есімізде сақтап, артында қалған немерелеріне әңгімелеп отырамыз. Ал бүгін, әкемізді құрметтеу, қадірлеу, үмітін ақтау – біз үшін парыз. Әкеміздің жарқын бейнесі әрқашан жадымызда.

Аяулы әке, асыл жар, Біз үшін мақтанышсың атың – аңыз. Көнеміз жаратқанның жазуына, Бірақ та бәріміз де сағынамыз.

Өмірде жан-жақты қып баптап едің, Ар-намысты биік қып сақтап келдің. Жаратқан бір өзіңе қорған болып, Жұмақтың төрі болғай жатқан жерің.

Сағына еске алушылар: жұбайы Бақыт, балалары мен немерелері. Әкеміздің 40 күндік асы 2015 жылдың 18 шілдесі күні өз үйінде (Аманкелді селосы, Той төбе көшесі, 47 үй) беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, көрші-көлем, замандастарын шақырамыз.

Редакцияға хат

ӘМИНА АПАЙҒА АЙТАР АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Таяуда мен қатты науқастанып, аудандық ауруханаға түстім. Мені Әмина Қарашқызы қарап, емдеді. Ол кісінің қолының шипалығы арқасында мен 1 аптаның ішінде құлан-таза айығып шықтым. Науқасымның ауырлығы сондай, не істерімді білмей, қатты қиналдым. Мені Әмина жан-жақты тексеріп, емдеді. Оның емі шипа болып, жазылып шықтым. Өмірімде дәл мұндай қатты ауырған жоқ едім. жақсы дәрігер науқасты жазады деген рас екен. Әминаға механаты мол еңбегінде табысқа жетугін тілеймін. Алдына барған науқастарға әрдайым жанашырлықпен қарап, олардың жазылып шығуына жәрдем жасауда жетістіктерге жете беруіне тілектеспін. Мұндай білімді де тәжірибелі дәрігерлер - аудан халқының қамқоршысы ғой. Сондықтан да, Әмина апайымыздың жақсы үлгісі жас дәрігерлерге үлгі-өнеге болса екен деймін.

Гүлсая ӘЛМҰХАММЕДОВА, «Балдырған» балабақшасының ағылшын пәні мұалімі.

ЖАНАТАЙ БАТЫР АУЫЛЫНА БЕЛГІ ОРНАТЫЛДЫ

Қазақ атымен аталатын дербес мемлекетіміздің осыдан 550 жыл бұрын өмірге келіп, қалыптасып нығаюына хандармен қатар батырлардың да қосқан үлесі зор. Сондай батырлардың бірі – Жанатай Қожаұлы. Ол Абылайханның баласы Қасымханның заманында ел қорғаған аруақты батырлардың санатында. Сондықтан да, 1997 жылы Кемер ауылына Жанатай батырдың аты берілген болатын. Алайда, оны айғақтап тұратын белгі қойылмай келген еді.

Осы олқылықтың орнын Қабырға ауылдық округінің әкімі Қуанышбек Баймағанбетов толтырды. Көп жылдардан бері Арқалық ауданында ауылдық округ әкімі болып жемісті қызмет жасаған Қуанышбек осыдан бір жыл бұрын өзі туып-өскен Қабырға ауылдық округіне баламалы негізде әкім болып сайланған болатын.

Қабырға - ауданның теріскейінде тұрған ауыл. Қатынауға қолайсыз. Былайғы округтердің бәрі күре жолдың бойында болса, Қабырға соқыршектей оқшау тұр. Ауылға арнайы түрде болмаса, жүргінші жүрмейді. Халқының саны да аз. Аудан орталығынан 68 шақырым жерде орналасқан Қабырғаға бару үшін жолай оған қарасты ауылдарды басып баруға тура келеді. Совхоз кезінде қолайсыз салынған ауылдардың бірі. Осы ауылға Қуанышбек әкім болып келгені елеулі өзгерістер орын алуда. Өткен жылы оның басшылығымен ауылдың жанындағы бөгет бөгілді. Көп жылдардан бері айтыла-айтыла жауыр болған бөгет мәселесін Қуанышбек оңай шешті. Өзі бас болып, ауыл халқын ұйымдастырып, аз уақыттың ішінде салып шықты. Бүгінде оның игілігін округке қарасты барлық ауылдар көріп отыр.

Жанатай батыр - кезінде атамекен жерімізді Жоңғар басқыншыларынан қорғауда талай рет ерлік көрсеткен. Батыр болумен қатар өзі әулие, шешен адам болған. Оған бір мысал - Жанатай батырдың жасы 90-ға тақаған тұста жүйрік аты жоғалады. Сұрастыра келгенде ол атты Кенесары ханның сарбаздарының бірі ұрлағаны анықталады. Хабар құлағына тиген соң Жанатай батыр атын Кенесарыдан сұрап әкелуге лайықты адам іздестіреді.



Алайда, айбыны асқан Кене ханнан қаймыққан батырлардың ешқайсысы барғысы келмейді. Сонда Жанатай батыр жұртын жинап алып:

- Уа, халқым! Сендердің бірің бармасаң,

амал жоқ енді өзім барамын! - дейді.

Сол кезде бір інісі тұрып:

- Аға, Сіз түгіл менің жасым 80-нен асып барады. Кенесары хан бізге есе бере қоймас. Сырты түк, іші бөк бір



атты іздеп қайтесіз. Ел қорғаған ханның бір батыры тақымына басқан шығар. Райдан қайтыңыз! - дейді.

Сонда Жанатай батыр екі қолын арқасына ұстап тұрып:

- Жоқ, сұраусыз зат болмайды. Оның үстіне менің тұлпарым - жан жолдасым. Сондықтан да, өзім барамын! - деп атына қонады.

Сол кезде Кенесары хан әскері Айыркұмды жайлап жатыр екен. Жанатай батыр ауылға тақағанда алдынан ханның жасақтары шығып:

- Ата, атыңыздан түсіңіз. Хан ордасына атпен баруға болмайды! - дейді.

- Жаксы, түсейін аттан, онда мені қалай апарасындар? - дейді Жанатай батыр.

Олар 90-дағы қарияның келгенін жедел түрде ханға жеткізеді. Хан хабарды естіген соң маған атымен жіберіңдер, - дейді. Атымен барған Жанатай батыр Хан Кенеге сәлем беріп, датым бар! - дейді.

Сонда хан Кене:

- Уа, Жанатай батыр, төрге шығыңыз, қасымнан орын алыңыз, датыңызды сосын айтыңыз! - дейді.

- Рахмет, хан ием! Атаң Абылайға тартып туған ұлан екенсің. Құрметіңе құлдық. Датымды айтсам, мен Хан Абылайдың кезінде - ашамайға мінген бала едім, Қасымханның кезінде - ел

қорғаған ер едім. Хан Кене, сенің заманыңда - бір жүйрік атын іздеген бойынан қуат кеткен шал едім... - дейді.

Сонда Кенесары батырға «Токтаңыз, ар жағын айтпай-ақ қойыңыз» дегенді білдіріп, қолын көтереді. Төмен қарап, көп ойланıp отырып, әскер басшысына:

- Мына Жанатай батырдың жүйрік атын әкеліп беріп, ырза қылып аттандырыңдар! Әкем Қасымханның заманында ел қорғаған ерді ренжітуге бола ма?! - дейді.

Баласынан да кіші Хан Кенеге риза болған Жанатай батыр оған ақ батасын береді.

Сол Жанатай батыр жасы 93-ке келгенде ата жұрты қазір өз атымен аталып отырған ауылда дүние салады. Оны ата қорымы Сөреліге апарып жерлейді.

Қабырға ауылы халқының Жанатай батырдың еңбегін ескеріп, Кемер ауылына 1997 жылы оның атын беруі осыдан. Міне, енді ауылға кіре берісте өзі әкім, әмбебап суретші, шебер Қуанышбек Баймағанбетовтің басшылығымен, әрі шеберлігімен жасалған белгі тұр. Сондайың көзге шалынады. Ұшы көкке қарап тұрған қос найза - ауыл халқын елдік пен ерлікті сақтауға, туған жер мен туған елді құрметтеуге және ұлы хандарымыз бен батырларымызды ұлықтауға шақырып тұрғандай. Бұл - сөз жоқ, Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында Аманкелді ауданында орнатылған бірден-бір бағалы жәдігер! Оны Қуанышбек әкім өз қолымен істеді.

Әкімнің алдағы уақытқа жасап отырған жоспарлары да жоқ емес. Ол қайткенде де, Қабырға ауылын көркейтуге тұрғындарды жұмылдырып, іс тындырмақ. Қазіргі күні ауылдастары әкімнің бастамасын қолдап, қуаттап отыр. Жанатай батыр ауылына арналған белгіні орнатуға осы жерден шыққан Шүкір Бәтенов және Әлімжан Ғаппасұлы секілді сыртта жүрген кәсіпкер азаматтардың мол көмегі болды. Қуанышбек оларды «Жанатай батыр ауылының патриоттары» дейді.

Өз тілішіміз.

Суреттерде: Қабырға ауылдық округіндегі Жанатай батыр ауылының кіреберісіндегі орнатылған белгі және Қабырға ауылдық округінің әкімі Қуанышбек Баймағанбетов.

СЫНТАС ЖАҒАСЫНДАҒЫ ӘСЕМ ҮЙ



болса пайда тапты. Жұрт «Жамалдың қымызы балдай» деген ағақ берді. Шынында да батыр атындағы аудан бойынша қымызды Жамал апайдай әзірлейтін адам сирек. Ол кісінің қымызы қай уақытта да мейірімді қандырып тұрады. Мұның сыры неде десеніз, апай жымыл: «Мен күбімді қунара ыстап отырамын. Қымыз бапты тілейтін кінәмшіл тағам ғой. Мерзімімен қотарып, мерзімімен пісіп, дамыл көрмеймін. Сатқан қымызға су қосып көргенім жоқ. Содан болар аудан халқы менің қымызымды қалайды. Бәріне бірдей қалай жетсін?! Тұрақты тұтынушыларым бар. Соларға уақытында беріп тұрамын. Жазда қаладағы балаларымыздың ұлқыздары келеді. Немерелеріміз қызыққа батады. Біздің бе, сиыр сауғанмызға танқала қарайды. Елден жырақ, өзімізбен-өзіміз тіршілігімізді жасап жатырмыз. Тұрмысымызға ризамыз, - дейді Жамал апай.

Жаңашыл Мәкең былтырғы жылы тағы да жаңа үй салып алды. Құрдастары қалжындап «Біздің Мәмбет үйі салма-са отыра алмайды» десті. Оны елең қылған Мәкең жоқ. Күлді де қойды. Үй салғаны қызық. Өзі туып-өскен Әулиеқол ауданындағы Аманқарағайдан шырғай сатып әкеліп, оларды әбден кептіріп,

сонсоң біріне жымдастыра-киноластыра отырып, үйінің қабырғасын тұрғызды. Құрдастары оның мұнысын тағы да әзілге айналдырды. «Мынау Мәмбет қайдағыны шығарды ғой. Бұл үй қандай болар екен?» десті. Ұлдары Ербол мен Ержан кезекті демалыстарын алып келіп, әкесі үшеуі осы үйді өз қолдарымен жасап шықты. Үйдің қабырғасына жылуды тұрақты ұстап тұратын материалдарды орналастырып, одан іші-сыртын сылап шықты. Үйлері айтарлықтай болды. Ішіне евро жасалды. Ал үйдің сыртына арнайы темір қаңылтырдан жасалған материалдар пайдаланылды. Енді құрдастары Мәмбеттің үйін көріп, «Сенің жасамайтының жоқ!» деп риза болып, бастарын шайқасты.

Мәкеңнің үйі сонадайдан көз тартады. Үрпек ауылына қарай жол жүрер болсаңыз далаға көрік беріп, алыстан көрінеді. Жаксыны көрмек үшін деп таяуда біз Мәкеңнің үйіне бардық. Барған соң қайран қалдық. Үйінің маңайын көркейтіп жіберген екен. Салған бау-бақшасы, екен түрлі жеміс ағаштары көгеріп, көктеп тұрса, жаңа үйі де манайға әсемдік сыйлап тұр. Мәкең мәз. Апай да риза.

- Жаңа үйімізге быыл бірінші рет қыстап шықтық. Жылы болды. Ескі үйімді көмекке келіп, жұмыс істейтіндерге



тегін бергелі отырмын. Бұрынғыдай емес, малымыз да, бау-бақшамыз да, жеміс-жидегіміз де көбейді. Оның бәрін игеруге біздің күшіміз жетпейді. Сондықтан, жұмыскер шақырып жүрмін. Оларға жалақы төлеймін. Оның сыртында тиісті мөлшермен жеміс-жидекті, отын-шөпті тегін бермекпін. Менің малыммен қатар өздерінің малдарын өсіруіне де тегін мүмкіндік болады. Егер жаңадан үй салғысы келсе, оған да көмектесемін. Менің жаңа үйімдей үй салып алу - әркімнің қолынан келеді. Бұл қымбатқа түспейді. Себебі біздің ауданымызда Құнанбай Серізбайұлы деген азамат Аманқарағайдан шырғай әкеп сатады. Ол арнайы қойма ашып қойған. Қоймасында түрлі мөлшердегі шырғайлар мен тактайлар бар. Алыстан іздеп әуре болмайсың. Біздің Аманкелді ауданының азаматтары іскер ғой. Құрылысқа қажетті басқа да материалдар Сергей және Нұрлыбек деген азаматтардың шаруашылық дүкендерінде толып тұр. Ақшаң болса қалағаныңды аласың. Мен жаңа үйімді салайын деп салған жокпын, келімді-кетімді кісі болады, жазда немерелерім келеді. Сол үшін осы заманғы талапқа сай бір жаңа үй салғым келді. Бірер жылдан соң жасым 70-ке келеді. Сонда жұрт келгенде шікі кірпіштен салған үйде отырамын ба?! Мына жаңа үйімде игіліктің бәрі бар. Электр жарығы жарқырап тұр. Үйіміз қыста қандай ыстық болса, жазда жаңа

жайлы қоңыржай. Іргемізде Сынтас өзені ағып жатыр. Сынтастың суын ішкен бау-бақшам мен жеміс ағаштарымың өнімдеріне жұрттан сұраныс көп. Аудан орталығына барсаң болды, жұрт күзде менен картоп пен жеміс-жидек өнімдерін сұрайды. Әрине бәріне бергім келеді. Бірақ бәрін қамтамасыз ете алмайсың ғой, - дейді Мәкең.

Өзен жағасы құлпырып тұр. Биылғы жылдың жаңбырлы болғанынан ба, маңай іргеден шабын. Алуан түрлі жабайы гүлдер мөлдирейді. Жусан мен жалбыздың, жоңышкының иісі бұрқырайды. Мәкең ретін тауып сол шабындығын да қорғайды. Мал жібермейді.

- Аmandық болса шөп шабатын бір трактор мен орақ, тырма алғым келеді. Өзім шауып, әзірлеп алғанға не жетсін! - дейді Мәкең.

Сыйластығы мен татулығы күшті Мәмбет ағай мен Жамал апайдың үлгіге береке ұйған. Мал өнімдерін үлгіртпе оңай емес. Бірақ, бұл отбасы соның бәрін жоғары деңгейде үлгіртіп отыр. Қаймақ-майың да, құрт-ірімшігің бе, балдай айраның мен қымызың ба, бәрі де - осы үйдің дастарханында!

- Осының бәрі - адал еңбек пен маңдай тердің жемісі. Игілігін өзіміз, бала-шағамыз бен немерелеріміз және жұртымыз көріп отыр. Бұл іске балаларымызды да тәрбиелейміз. Шіркін, ел іші - алтын бесік қой. Төрт түлік мал және бау-бақша, жеміс-жидек өсіріп, жаксы өмір сүргенге не жетеді?! Еңбек етпей ештеңе де болмайды! - дейді Мәмбет Рақымбайұлы ақсақал өзінің Елбасымызға деген алғысын қоса білдіре.

- Биыл біздің Мәкең Астанаға барып базардан бірнеше жаңа тұқымды жеміс ағаштарын алып келіп, өсіруде. Оларды да балаша күтеді. Тыным таппайды, - дейді зайыбы Жамал апай.

«Үйін көрсен - күйін көресің» деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған ғой. Мәмбет ақсақалдың жаңа үйінің іші де, сырты да жайнап тұр. Қарасаң көзің төтеді.

Өз тілішіміз.

Суретте: жеке шаруа Мәмбет Рақымбайұлы ақсақал және оның жаңа үйі.
Суреттерді түсірген Қасымбек Әмірбекұлы.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді.

Компьютерлік 3 беттен асатын материялдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 1398

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10, 2-10-57.